

Қостанай облысы Қарабалық аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 мамырдағы "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" № 502 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 141 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2023 жылғы 13 қарашадағы № 60 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.11.2023 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қарабалық ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қостанай облысы Қарабалық аудандық мәслихатының 2020 жылығы 28 мамырдағы "Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" № 502 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9229 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі тақырыбы жаңы редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы";

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес, Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.";

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген, Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімінің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген шешімге қосымшаларда:

"Мәслихаттың 2020 жылғы 28 мамырдағы № 502 шешімімен бекітілген", "Мәслихаттың 2020 жылғы 28 мамырдағы № 502 шешіміне қосымша" деген сөздер "Қарабалық аудандық мәслихатының шешіміне 1-қосымша" және "Қарабалық аудандық мәслихатының шешіміне 2-қосымша" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабалық аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Тюлюбаев*

КЕЛІСІЛДІ

Победа ауылының әкімі

\_\_\_\_\_ С. Айкадамов

2022 жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қарабалық аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 26 мамырдағы  
№ 141 шешіміне  
1-қосымша  
Мәслихатының  
2020 жылғы 28 мамырдағы  
№ 502 шешімімен  
бекітілген

## **Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылдық (бұдан әрі - Победа ауылы) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің Қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 707 қаулысына сәйкес әзірленді және Победа ауылы тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауылдық округтің тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

## **2. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (көшелер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін үш адамнан аспайтын мөлшерде өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын Победа ауылының әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастық халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Победа ауылының әкімі бұқаралық ақпарат құралдары немесе интернет-ресурстарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты үздіксіз жария тарату олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Участке шегінде жергілікті қоғамдастық бөлек жиынын өткізуді Победа ауылының әкімі ұйымдастырады.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашылуы алдында тиісті учаскенің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, көшеде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Победа ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Победа ауылының әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін учаске тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын ауданның мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастық бөлек жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол Победа ауылының әкімінің аппаратына беріледі.

Қарабалық аудандық мәслихатының  
2022 жылғы 26 мамырдағы  
№ 141 шешіміне  
2-қосымша  
Мәслихатының  
2020 жылғы 28 мамырдағы  
№ 502 шешімімен  
1-қосымша

**Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елдің мекеннің атауы	Ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Қарабалық ауданы Победа ауылының тұрғындары үшін	3